



Президент Түркі мемлекеттері ұйымының XII саммитінде сөз сөйледі

Қасым-Жомарт Тоқаев, ең алдымен, ерекше қонақжайлық көрсеткені үшін Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиевке ризашылығын білдіріп, бүгінгі жиынның маңызы айрықша, күн тәртібі өзекті екенін айтты.

«Түбі бір түркі жұртының тарихы–тамырлас, халықтарымызға ортақ сан ғасырлық шежіреміз бар деп үнемі айтып жатырмыз. Мұның бәрі–берекелі бірлігіміз бен мәңгілік ынтымағымыздың алтын арқауы. Жақында елдеріміз «Түркі халықтарының ынтымақтастық күнін» атап өтті. Бұл – бірлігімізді бекемдей түсетін маңызды мереке. Бүгінде Түркі мемлекеттері ұйымы достас халықтардың басын қосқан мәртебелі әрі беделді құрылымға айналды. Бытырдан бері Ұйымға құрметті Прези-

дент Садыр Жапаров бастаған қырғыз елі тиімді төрағалық етті. Қырғыз тарапына ризашылығымызды білдіреміз. Енді төрағалық құрметті Ильхам Гейдар оглудың басшылығымен Әзербайжан тарапына беріледі. Алдағы уақытта да Ұйымымыздың абырой-беделі арта түседі деп сенеміз», деді Президент.

Мемлекет басшысы жаһандық қауіпсіздік жүйесі күрделі кезеңді бастан өткіріп жатқанын атап өтіп, қақтығыстар мен шиеленістер, геосаяси текетірестер әлемнің кез келген мемлекетіне әсер ететін қауіпті үрдіске айналғанына тоқталды.

«Осындай алмағайып заманда 30 жылдан астам уақыт шешімін таппаған шиеленіске қатысты Әзербайжан мен Арменияның Бей-

бітшілік декларациясына қол қойғанын ерекше атап өткім келеді. Бұл тұрақтылық пен экономикалық өрлеуге жол ашатын тарихи мәміле болды. Қазір әлемдегі геосаяси ахуал аса күрделі, сондықтан түркі елдері ортақ мүдде жолында күш жұмылдыруға тиіс. Бүгінде жаһан жұрты бізді зор сынқатерлерге төтеп бере алатын, беделі мықты, ынтымағы жарасқан мемлекеттер ретінде таниды. Бірқатар ел біздің Ұйымға ерекше қызығушылық танытуда. Бұл ретте Қазақстан ынтымақтастық аясын кеңейтуге бағытталған «Түркі мемлекеттері ұйымы» форматын құру идеясын қолдайды. Осы бастама біздің Ұйымның халықаралық беделін арттыруға жол ашатыны сөзсіз», деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

«Kyshpendiler бәені» II халықаралық этникалық музыка фестивалі өтеді

Мәдениет және ақпарат министрлігінің қолдауымен Роза Бағланова атындағы «Қазақконцерт» мемлекеттік академиялық концерттік ұйымы елорда қонақтары мен тұрғындарын «Kyshpendiler бәені» II халықаралық этникалық музыка фестиваліне шақырады.

Жобаның мақсаты – біртұтас шығармашылық орта құру, тарихы тереңге жайылған өнер, ежелгі салт-дәстүр арқылы түркі халықтарының бірлігі мен руханиятын ұлықтауға бағытталған түркі мәдениетін дәріптеу. Фестиваль үздік өнерпаздар тәжірибе алмасып, ұрпақтар сабақтастығын насихаттайтын алаңға айналады. Сонымен қатар, жас орындаушылардың көркемдік талғамын тәрбиелеуге және оларды үздік мәдени құндылықтарға баулуға бағытталған.

Концерттік бағдарламада көрермендер фольклорлық дәстүрлермен тығыз байланысты, түркі әлемінің музыкалық мұрасын жаңа қырынан танытатын орындаушылардың өнерін тамашалайды. Сондай-ақ, дала әуендерінің байырғы үлгілері мен халық әндерінің заманауи өңделген нұсқалары, ұлттық аспаптарға арналған туындылар мен орындаушылықтың тың формалары ұсынылады.



«Штадлер Қазақстан» зауытында өндірілген жаңа жолаушылар вагондары 10 000 шақырымнан астам сертификациялық сынақ жолдарын сәтті өңсерді.

Заманауи вагондар Қарағанды, Тараз, Шымкент және Өскемен бағыттарын-

сы, сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған тактильді белгілер қарастырылған.

2025 жылдың соңына дейін зауыт Ұлттық тасымалдаушыға алғашқы партияны тапсыруды жоспарлап отыр.

Қазақстанда жасалған вагондар сынақтан өтті


да сынақтан өткізілген. Тексеру барысында вагондардың тежеу жүйесі, жүріс бөлігінің орнықтылығы және қауіпсіздік жүйелері оң нәтиже көрсеткен.

40 жылға дейін қызмет көрсетуге жарамды заманауи вагон купелерде жеке климат-бақылау жүйесі, розеткалар мен USB-порттар, жолсерікті шақыру батырма-

2030 жылға дейін 557 жаңа вагон пайдалануға беріліп, компанияның вагон парк 100%-ға жаңартылады. 2026 жылдан бастап Stadler пойыздары № 3/4 «Астана-Алматы», № 353/354 «Астана-Семей», № 85/86 «Астана-Шымкент», № 47/48 «Астана-Атырау» бағыттарына шығарылады.

«Созақ үні»-ақпарат.

Жүктер ЖИ-мен жүйеленеді



Олжас Бектенов шекарадағы сыбайлас жемқорлықпен күрес барысында жүктерді тексеру деректерін талдау кезінде ЖИ енгізу қажеттігін айтты.

Премьер-министр көдендік әкімшілендірудің жан-жақты әрі ашық болуы республикалық бюджет кірістерінің көлеміне айтарлықтай әсер ететінін атап өтті. Сондықтан Қаржы және Сауда министрліктері экспорттық және импорттық операцияларға мониторинг жасауды күшейтуі қажет.

«Тәуекелдер бейінін жаңартып, жүк тасымалдарын «жасыл дәліз» қағидаты бойынша транзиттеу үшін жағдай жасау адами фактордың алдын алуы тиіс. Жүктерді тексеру деректерін талдау кезінде жасанды интеллектіні енгізу қажет. Бұл сыбайлас жемқорлықтың жолын кесуге әрі шекарадан өту процестерін жеделдетуге мүмкіндік береді», деп атап өтті Олжас Бектенов.

Қаржы министрлігіне Қаржылық мониторинг агенттігімен бірлесіп, көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимылды үйлестіру жұмысын күшейту тапсырылды.



АТҚАРЫЛЫП ЖАТҚАН ЖҰМЫСТАР ПЫСЫҚТАЛДЫ

Аудан әкімі Мұхит Тұрысбековтің төрағалығымен кезекті лездемелік жиын өтті. Мәжіліске кенттер мен ауылдық округтердің әкімдері, бөлім басшылары және жауапты сала мамандары қатысты.

Жиында аудан аумағындағы елді мекендерде атқарылып жатқан жұмыстар мен жыл соңына дейін орындалуы тиіс негізгі міндеттер жан-жақты талқыланды. Әрбір ауылдық округ пен елді мекен бойынша әлеуметтік, инфрақұрылымдық және абаттандыру бағыттарындағы жобалардың барысы жеке-жеке сараланды.

Сонымен қатар, елді мекендердің әлеуметтік-экономикалық дамуына серпін беретін жаңа бастамаларды жүзеге асыру бойынша ұсыныстар қаралып, алдағы кезеңге арналған жұмыс бағыттары айқындалды.

Аудан басшысы Мұхит Сексенбайұлы округ әкімдері мен бөлім жетекшілеріне жоспарланған жобалардың нақты мерзімде аяқталуын қамтамасыз етуді, сондай-ақ ауылдардың келбетін арттыру, санитарлық тазалық пен көгалдандыру жұмыстарын күшейтуді тапсырды.

ЖҰМЫС БАРЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ

Аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков аудан орталығында жүзеге асып жатқан бірқатар әлеуметтік және тұрғын үй нысандарын аралап, құрылыс жұмыстарының барысын бақылауына алды. Сапар барысында сала мамандарына атқарылып жатқан істердің сапасы мен мерзіміне ерекше назар аудару қажеттігін ескертті.

Алдымен жаңадан бой көтеріп жатқан 200 орындық заманауи «Спорттық-сауықтыру кешенінің» құрылыс алаңында болды. Онда мердігер мекеме өкілдері, «Созақ спорт клубы» мен аудандық №2 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің басшылары, сондай-ақ жаттықтырушылар және салалық бөлім басшылары болды.

Аудан басшысы Мұхит Сексенбайұлы жүзу бассейні, футбол, бокс және күрес залдарын жеке-жеке аралап, жүргізіліп жатқан жұмыстардың сапасына назар аударды. Сондай-ақ жаттықтырушыларға спорт жабдықтарының дұрыс орналасуы мен қауіпсіздігіне, балаларға қолайлылығы мен тиімділігіне осы сәттен



мән беру керектігін айтты. Жабдықтардың талапқа сай әрі сапалы орнатылуын қадағалауды тапсырды.

Бұдан соң аудан басшысы Жеткіншек мөлтек ауданындағы тұрғын үй құрылыстарының барысымен танысты. Қазіргі таңда жеке инвесторлардың қолдауымен салынып жатқан 2 қабатты 3 тұрғын үй мен екі пәтерлі 13 тұрғын үйдің құрылысы аяқталуға жақын. Нысандарда тұсқағаз жапсыру, әрлеу және абаттандыру жұмыстары жүргізілуде.

Еске сала кетсек, биылғы жылы ауданда 2 қабатты 3 тұрғын үйдің (әрқайсысында 8 пәтерден, барлығы 24 пәтер) және екі пәтерлі 26 тұрғын үйдің құрылысы жүргізілуде. Бұған қоса, демалушылардың қолдауымен 2 қабатты 2 тұрғын үйдің құрылысы қолға алынған. Бұл үйлерде 16 пәтер орналастырылады. Осылайша, қазіргі таңда аудан орталығында бой көтеріп жатқан жаңа тұрғын үйлердің жалпы саны 92 пәтерді құрап отыр.

Құрметті «Созақ үні» газетінің ұжымы!

Сіздерді «Қазатомпром-Сауран» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі ұжымының атынан «Созақ үні» газетінің, яғни аудандық басылымның 95 жылдығы мерейлі мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз!

Ауданымыздың тарихы мен мәдениетін, әдебиеті мен өнері, ауыл шаруашылығы, мал шаруашылығы, өндірісі мен экономикалық әлеуметтік дамуы жолында ғасырға жуық уақыт қажырлы еңбегі мен күш-жігерін жұмсаған газет қызметкерлерінің ерен еңбегін жоғары бағалаймыз.

Келешек ұрпаққа үлгі боларлық еселі еңбек еттіңіздер.

Сіздерге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, шығармашылық табыстар тілеймін!

**Ізгі ниетпен: Бауыржан ТОҚСАНБАЕВ,
«Сауран» ЖШС-нің бас директоры.**

«Созақ үні» газетіне 95 жыл!



«Адал азамат», «Біртұтас тәрбие» жобасы аясында «С.Сейфуллин атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ кітапханасында «Созақ үні» газетінің құрылғанына 95 жыл толуына орай «Созақ үні» — халық үніне айналған шежіре» атты кеш

болып өтті. Тамыры тереңде жатқан «Созақ үні» — аудан халқының шынайы сөзін сөйлеп, елдің рухани, мәдени, қоғамдық өмірін насихаттап келе жатқан беделді басылым. Тарих толқынында газет өңірдің шежіресін жазып, ұрпаққа аманат болар мол мұра қалдырып келеді. 95 жыл — үлкен жол, маңдай тер мен жауапкершілікті талап еткен еңбек тарихы. Газеттің әрбір саны — ел өмірінің айнасы, жұрт үні мен ел үмітінің жаршысы. Ұжымыңызға шығармашылық табыс, мықты денсаулық, қаламдарыңызға қуат тілейміз! Қаламдарыңыз ұштала берсін, оқырман жүрегінен орын алған «Созақ үні» мәңгі жаңғыра берсін!

«Созақ үні» — ақпарат.



Түркістан облыстық «Фараб» әмбебап ғылыми кітапханасы және республикалық «Ақылдым» журналының бірлесе ұйымдастыруымен балаларға арналған «Ақылдыммен Ақылдымын» атты облыстық акция-байқауының аудандық іріктеу кезеңі Созақ ауданында өткізілді.

Іс-шараның мақсаты оқырман балаларды кітаппен, балаларға арналған баспасөзбен таныстыра отырып ұлттық құндылықтарды дәріптеу болып табылады.

«Мыңжылқы» мәдениет сарайының екінші қабатындағы фойеге арнайы баннер қойылып, безендіру жұмыстары жүргізілді. Іс-шараға арнайы тақырыптық көрмелер «Бала жанының бағбандары», «Ертегілер әлемі», «Бәрі білгім келеді» жасақталып, «Ақылдым» журналына насихаттау барысында жарнамалық стенділер, фотосуреттер ұйымдастырылды. Байқауға қатысушылар мен қонақтар көрмелермен танысып шықты.

Байқауға аудандық балалар кітапханасының және ауылдық кітапханалардың оқырмандары қатысты. Іс-шараны оқырмандарға қызымет көрсету бөлімшесінің

кітапханашысы Балнұр Жұмабаева мен Ы.Алтынсарин атындағы жалпы білім беретін мектептің екінші сынып оқушысы Жанысбай Айғаным жүргізіп отырды.

Созақ ауданы әкімінің орынбасары Алтын Күнтуқызы және балаларға арналған республикалық «Ақылдым» журналының редакторы, «Қызмет» газетінің директоры, «Серпіліс» қоғамдық қорының төрайымы Нарымбетова Бейсенкүл апай қатысушыларға сәттілік тілеп, байқауды ашып берді.

Оқырмандар үш кезең бойынша сынға түсті: «Мен қандай адам боламын» тақырыбында шығарма жазу; «Баспасөзбен бірге өсіп келемін» тақырыбында қабырға газетін шығару; «Мен оқығанды жақсы көремін» тақырыбында сүйікті шығармасын немесе өлеңін сахналап, өнер көрсету.

Байқауға «Қызмет» ЖШС газетінің және балаларға арналған республикалық «Ақылдым» журналының редакторы Нарымбетова Бейсенкүл, Түркістан облыстық «Фараб» әмбебап-ғылыми кітапханасының балалар бөлімінің кітапханашысы Жетпісбай Балнұр, журна-

лист, «Анаға тағзым» жобасының авторы Әлия Ортаева қазылық етті.

Қазылардың шешімі бойынша Қарақұр ауылдық кітапханасының оқырманы, Қарақұр жалпы білім беретін мектептің тоғызыншы сынып оқушысы Маулен Марлен — бас жүлде иегері, облыстық кезеңге жолдама алды, Раң ауылдық кітапханасының оқырманы, Б.Батырбекова атындағы жалпы білім беретін мектептің бесінші сынып оқушысы Мақсұтбек Альмира — I орын, Созақ аудандық балалар кітапханасының оқырманы, Ы.Алтынсарин атындағы жалпы білім беретін мектептің бесінші сынып оқушысы Таужанова Айғаным — II орын, Қызылжар кенті модельді кітапханасының оқырманы, Л.Бөкенов атындағы жалпы білім беретін мектептің алтыншы сынып оқушысы Сұлтанбай Аружан — III орын иеленді.

Байқауды Созақ аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің директоры Нұржамал Әбілжанқызы қорытындылап, қатысушылар мен құрметті қонақтарға алғысын білдірді. Байқаудың барлық қатысушыларына жүлделер орындарына қарай сыйлықтар мен алғыс хаттар және «Ақылдым» журналының 2024-2025 жылғы сандары табысталды.

Іс-шара барысында қатысушыларға және көрермендерге кітапхана оқырмандары Разық Әзел, Жоламан Айару керемет әндерімен көңіл күй сыйлады.

**Ғалия МАЙМАҚОВА,
Созақ аудандық балалар кітапханасының меңгерушісі.**

Тіл-халық тарихы. Тіл жоқ жерде ұлт жоқ. Ұлттық рухтың негізі-ұлттық тіл. Тіл цивилизация мен мәдениеттің даму жолы. Өз ана тілінді қадір тұтпай тұрып, ел-жұртыңды сүйе алмайсың. Білімділіктің ең басты факторы туған тілінде сөйлеу мен оны сыйлаудан басталады.

Ендеше, бүгінгі эссеімздің кейіпкері, тіл білімінің негізін салушылардың бірі, түрколог, филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан ғылым академиясының академигі Ісмет Кеңесбайұлы болмақ.

Ісмет Кеңесбайұлы 15 ақпан 1907 жылы Түркістан облысы, Созақ ауданы, Жыныс-ата ауылында дүниеге келген. Алғашында ауыл молдасынан сауат ашып, одан соң орыс тілді мектепте білім алады. 1922 жылдан бастап Ташкенттегі Қазақ ағартушылық институтының дайындық курсынан соң, Ленинград Шығыс институтының Түркология бөлімінде білімін жалғастырады.

1931 жылы Ленинград Шығыстану институтын бітірген жас маман елге оралып, еңбек жолын халық ағарту комиссариатында әдіскер әрі қазақ педагогикалық институтында (қазіргі Абай атындағы қазақтың ұлттық педагогикалық университетінде) қазақ тілінің мұғалімі болып бастайды. Одан соң Қазақ ұлттық медицина университетінде кафедра меңгерушісі, тіл және әдебиет институтында бөлім меңгерушісі, Қазақстан ғылым академиясының вице-президенті, тіл білімі институтының директоры секілді жауапты да лауазымды қызметтерді абыроймен атқарады.

Қазақ тілінің абыройын асқақтататын, мәртебесін биіктеткен бірегей ғалым әрі академик Ісмет Кеңесбаев өз өмірін шығармашылық пен ғылым жолына арнады. Тіл білімі тарихына, соның ішінде тұрақты фразеологизм саласына қосқан аға үлесі орасан. Ғылымды толықтай зерттеп, оны әрі қарай дамытуға, оның туған топырақтан нәр алып таралуына себеп болатын әрі оның бар қиындығын көре жүріп, нәтижесін сол ұлттың жетістігі етіп көрсетуге бар өмірін арнаған адам ғана шын мәнінде нағыз ғалым деуге болады. Академик Ісмет Кеңесбаев-өзін қалыптастыра білген, есімін ел жадына жаттатыра білген үлкен тұлға. Еңбегінің ел қадіріне жарағанын сезіну-үлкен бақыт қой әрине.

Ғалым ағамыздың ерекшелік айтар еңбегінің бірі 1977 жылы жазылған «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі» деп аталатын еңбегі. Осы терең ғылыми еңбегі арқылы қазақ тіліміз-



тәуелді әрине. Бақыт Жарылқаушының қолынан даяр алынбайды, күрес нәтижесінде, әрекет негізінде келеді. Олай дейтініміз, Ісмет ағамыз Қазақ Ұлттық Ғылым академиясының ірге тасын қаласқан ғлама ғалымдардың да бірі.

Ғалым аға-қазақ тілінің фонетикасы мен лексикологиясына, лексикографиясы мен этимологиясына, тіл тарихы мен туыс тілдердің бір-бірімен қарым-қатынасына арналған 200-ден астам іргелі еңбектердің авторы. Қазақ тілінің фонетикасы мен фразеологиясының зерттелуі Кеңесбаевтың есімімен тікелей байланысты. Қазақ мектептерінің бірнеше толқын түлектері Кеңесбаев жазған оқулықтармен сауат ашты, ана тілінің ғылыми жүйесімен танысты. Ғалымның қазақ тілі фонетикасы мен лексикологиясын талдаған ғылыми монографиялары жоғары оқу орындарында негізгі оқулықтардың бірі ретінде күні бүгінге дейін қолданылуда.

Ғалымның осы саладағы сіңірген

және де «Совесткая туркология» журналының редколлегия мүшесі болды.

Академик ағамыз ғылым саласындағы ғұмырында Филология ғылымдарының 40-тан астам докторы мен 120 кандидатын дайындаған. «Жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді» демекші, Ісмет Кеңесбаевтың шәкірттері бүгінде еліміздің таңдаулы жоғары оқу орындары мен ғылыми-зерттеу институттарында қызмет етуде.

Тағылымы терең, өресі биік, ойы зерек ғалым ағамыздың елеулі еңбектері де дер кезінде ерекше бағаланып, «Ленин», «Халықтар достығы», «Қызыл жұлдыз», «Еңбек Қызыл ту» ордендерімен қатар, бірнеше медальдармен марапатталған. Қазақстан Республикасы мемлекеттік сыйлығының иегері. Ең алғашқы «Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген ғылым қайраткері», «Қарақалпақ АССР-ның еңбек сіңірген ғылым қайраткері» атақтарына ие болған ғалымдардың бірі. Сондай-ақ, Қазақ КСР Жоғары Кеңесінің «Құр-

Тіл білімінің заңғары

Эссе

дің тұрақты тіркестерін бірқалыпты, тиянақты, толық әрі жан-жақты зерттеулер жасағанын анық аңғаруға болады.

Қандай да бір тарих деңгейінде қалыптасып, өз орнын алған ұлтты алып қарайтын болсақ, олардың ештеңемен салыстыруға келмейтін үш байлығы бар. Оның бірі-ұлттық сенім, екіншісі-ұлттық тіл, үшіншісі-ұлттық өнер мен салт-дәстүрі.

Осы орайда қазақ тіл білімінің туып, қалыптасуы, дамуы бүгінгі кемелденген шағына жетіп, биік деңгейге көтерілуі, оның іргетасын қалап, қазақ тілін ғылым тілі ретінде қалыптастырған құрметті есімдермен тығыз байланысты екенін атап өткен орынды. Осы ретте қазақ тіл білімінің тарихында оның ғылыми-теориялық негізін салған ғалымдардың арасында алғашқылардың бірі де бірегейі ретінде Ісмет ағаның орны ерекше. Кісіні танымақ болсаң-ісіне қара дейтініміз де сондықтан болса керек. Бұл дүниедегінің бәрі де еңбекке

ұлан-ғайыр еңбегін профессор Керімбек Сыздықовтың мына сөзімен әдіп-тесек: «Қазіргі аға буын, кейбір орта буын өкілдері мектепте академик Ісмет Кеңесбаев жазған: Әліппеден тіл ұстартып, жоғары оқу орындарында, «Қазіргі қазақ тілі» еңбегінен кәсіби мамандық алған. Олар үшін «Қазақ тілі» пәні мен І.Кеңесбаев есімі егіз ұғым сияқты болғаны анық».

Сондай-ақ, Кеңесбаевтың басшылығымен «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі» (2 томдық, 1959, 1961) және «Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі» (1961), екі томдық, «Орысша-қазақша сөздік» (1978,1981) жарыққа шықты. Кеңесбаев бірнеше рет дүниежүзілік түркітанушылар симпозиумдарына қатысып, ғылыми баяндамалар жасады. Сонымен қатар, елімізде, одақтас республикаларда ғылым кадрларын даярлауға да елеулі үлес қосты. Ол Қазақстан ғылым академиясы жанындағы Филология ғылымдары жөніндегі біріккен ғылыми кеңестің төрағасы

мет» грамотасымен марапатталған.

Ісмет Кеңесбаев 1995 жылдың қаңтарында 88 жасында Алматы қаласында дүниеден өтті. Алматы қаласында академик ғалым, белгілі педагог, қоғам қайраткері Ісмет Кеңесбаевтың атында көше бар. Түркістан облысының Созақ ауданында ғалым туған ауылдың ең үлкен көшесін жерлестері Ісмет ағаның атымен атаған болатын. Ал Таукеңт кентіндегі №36 қазақ орта мектебіне академик ғалым Ісмет Кеңесбаевтың есімі берілген. Ендігі бір үлкен тілек-республикамыздағы жоғары оқу орындарының біріне ғалымның қасиетті есімі беріліп, алдына бюст қойылса құба-құп болар еді. Бұл-көптеген шәкірттерінің тілегі.

Академик Ісмет Кеңесбаевтың есімі және еңбектері ұлтымыздың жарқын болашаққа беттеген ұлы керуенімен жасай беретіні анық.

Болат ШАЙМАНҰЛЫ,
Қазақстанның Құрметті
журналисті.
«Созақ үні» газетінің ардагері.

Жарқырай бер, ардақты «Созақ үні»!

Осыдан 95 жыл бұрын,яғни 1930 жылы 10 қазанында төл газетіміз “Созақ үнінің” алып алғашқы нөмірі оқырманға жол тартқан болатын. Содан бері газетіміз елге адал қызмет етіп келе жатыр.

Алғашқы кезде “Социалды шаруа” атауымен шықса, кейіннен «Социалистік шаруа» ал 1959 жылы «Социалистік шаруашылық» деген аттармен жарық көрді.

Бұл Созақ елі үшін елең етерлік жаңалық болды.

“Қызыл отау” жанынан арнайы оқулар ұйымдастырылып газет бетіндегі жаңалықтармен елді таныстырып отыратын шаралар өткізіліп отырғанын тарихтан білеміз.

1969 жылы газет атауы бәрімізге етене таныс “Молшылық үшін” болып өзгертілсе, 2007 жылдан «Теріскей», 2008 жылдан екі газет «Теріскей», «Молшылық» газеттері жарық көрді. Ал, 2012 жылдан екі газет бірігіп «Созақ үні» деген атау-фирмамен шығып келеді.

Газеттің аты өзгергенімен

заты өзгерген жоқ. Қай кезде болса да ауданымыздың саяси-экономикалық дамуына өлшеусіз үлес қосып келе жатқан “Созақ үні” газеті ұжымының тынымсыз еңбектеріне алғыстан басқа айтарымыз жоқ.

Газет кәзір сенімгерлік басқаруда. Ержан Әбілпаттаев қамқорлығына алғалы бері газетіміздің екінші тынысы ашылғандай. Редакция ішіндегі мүліктер жаңартылып, заманауи жиһаздармен компьютер қарулыларымен жабдықталған.

Мерейтойға байланысты газеттің бас редакторы Мақсат Қарғабайдың бастамасымен газет тілшілері,басшылар тарихы, газетті басқарған азаматтар турасында мәнді стөндтер, газет өмірінен сыр шертетін фотоальбомдар жасалыныпты.

Созақ елімен бірге жасасып келе жатқан сүйікті ата-газетімізді 95 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз.

Созақтың айнасы іспетті



“Созақ үні” газеті талай дүлдүл азаматтардың тұсауын кескен берекелі қара шаңырақ.

Бұрынғыларды айтпағанның өзінде Созақ ауданы

әкімдігінің ішкі саясат бөлімін басқарып отырған Ерлан Райымқұлов, аудандық мұражай директоры Ернар Сағындық, облыстық “Оңтүстік Қазақстан” газетінің тілшілері Сабырбек Олжабай, Дәулет Тұрсынұлы, аудандық орталықтандырылған кітапхана директоры Нұржамал Майусовалар алғаш еңбек жолын осы жерден бастаған.

Менің де журналистикаға деген қызығушылығымды оятқан “Созақ үні” газеті екенін мақтанышпен айта аламын.

Аптасына екі мәрте сәрсенбі, сенбі күндері жарық көретін газетте 11 адам қызмет жасап жүр.

Мақсат Қарғабай бас редактор, жауапты хатшы Нұрсұлтан Шертаев, аға тілші Данияр Беков, Біржан Жан-дәулетов шығармашылық топты құрайды. Беттеуші Асхан Бақтыбаев, терімші Бағила Аязбаева, фототілші Құрман Тұрғанов, бас есепші Гүлжан Бекжігітова, газет та-

ратушы Гүлжазира Шалданбаевалар оқырмандардың сұранысын толық қанағаттандыруына сапалы қызмет атқарып келе жатыр.

“Ортақ өгізден оңаша бұзау артық” демекші, газеттің 100 жылдық мерейтойын “Созақ үні” ұжымы өздерінің жеке ғимаратында тойлап жатса Созақ баспасөзіне жасалынған үлкен қолдау болары анық.

Созақ өңірінің құлағы һәм көзі, аудандық қоғамдық-саяси және ақпараттық “Созақ үні” газетінің 95 жылдық мерейтойы құтты болсын!

Тарихтың терең, даңқың биік ел үні,

Талай жыл шежіреңмен кең үні.

Тоқсан бес жыл халықпен бірге жасап,

Жарқырай бер, ардақты «Созақ үні»!

Сержан БЕГМАНҰЛЫ,
«Созақ үні» газетінің
штаттан тыс тілшісі, ҚР
Журналистер одағының мүшесі.

Сүлеймен Тәбріздің сара жолы

“Созақ үні” газетінің тұрақты оқырманы, жанашыры, тілеулесі Сүлеймен көкеміздің өмірден өткеніне де жылғы жуықтап қалыпты. Есіміне мектеп қабырғасында жүргеннен таныс болдым. Кейін аудан орталығына келгенде бірнеше рет жүздестім. Оның ішінде аудан әкімдігінде қызмет атқарып жүрген жылдары көбірек кездесіп жүрдік. 1998 жылы Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі Қалық Абдуллаев облыстың зиялы қауым өкілдерін шақырып, бас қосу өткізгенінде де Сүлеймен көкеммен бірге бардық. Өте қарапайым, кісілік деген ұғымы жоқ. Адами қасиеті мол, көпті көрген, нағыз көп оқыған, зиялы десе зиялы азамат еді. Созақ ауылына жолым түсе қалса, міндетті түрде Сүлеймен көкемнің үйіне соғып, әңгімелесіп, Ұлжан апамыздың дәмді етіп дәмдеген шәйін ішіп, мәзірін жеп қайтатынмын. Анам Зағипа Тұрсынқызы өзінің «Өмірдің өзі бір сынақ» атты деректі кітабында: «...Тәбріз атам туралы мәліметтерді көп біле бермейтін едік. Бірақ әкем Тұрсынның Тәбріз атамды өте жақсы көретін, сыйлы адам ретінде үнемі айтып отыратын. Мені қымыран әкелуге Тәбріз атамның үйіне жібереді. Қыстың күні көк кастрюлькаға жіп байлап береді. Шамасы 3-4 литрлік ыдыс болса керек, сонымен күнде қымыран тасимын. Бір күні мұзға тайып жығылып, қымыранымды төгіп алдым. Бірақ үйдегілер ренжіген жоқ. Тәбріз атамның үйінде үлкен шай үстел болатын. Сол шай үстелдің басында Тәбріз атам үстінде етегі ұзын ақ көйлек, ақ дамбалымен отыратын. Дөңгелек жүзді сарылау келген денелі кісі еді. Ал Шәлкен апам ақ орамалды кеудесіне түсіре, төгіле салып отыратын кісі болатын. Үйге адамдар ауданның түкпір-түкпірінен атпен түйемен келіп жатады. Әсіресе Қаратау, Қызылбайрақтан көп келеді. Фатима жеңгеміз нан жауып, кісілерді күтіп жатады. Үйдің ішіндегі қабырғада ыдыс-аяқ тұратын текшелер болатын. Бекен ағай сызу, суреттен сабақ беретін. Ағай үнемі күліп жүретін. Сүлеймен ағайды атам мен апам Сүләш деп отыратын. Махмұт, Сүлеймен ағайлар оқуда болуы керек. Тек Махмұтты көретін едім. Көкем Тұрсын қайтыс болатын күні өзін жайсыз сезінді ме Тәбріз атамды «дем салсын» деп шақырып алды. Ал «Басымды сүйеп отырады» деп Бейсенбі көкемді Сызғаннан шақырып алды. Содан осы кісілер көкемді арулап Ақтасқа апарып қойды.»-деп жазған екен. Осындай ел құрметтеген отбасында дүниеге келген Сүлеймен көкеміз ерекше жан болатын. 2019 жылы Сүлеймен Тәбріз көкеммен жолымыз түйіскен сапарымыз Бетпақ даладағы «Таңбалы тас» алқабына барған сапарымыз болды. Басынан бастап айтар болсам, 2003 жылғы қараша айында Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан Республикасының Ұлттық Кеңесінде «Мәдени мұра» бағдарламасын жариялағанына 16 жыл толуы қарсаңында және «Рухани жаңғыру» бас мақаласын басшылыққа ала отырып Арқа өңіріндегі жасалып жатқан игілікті игі шараға қатысу үшін 14 қараша күні таңғы сағат 6-дан 20 минут кеткенде әйгілі «Таңбалы тастар» жатқан Бетпақ даланың сайын даласын бетке алдық. Әңгімені әу бастан бастасақ «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ-ына қарасты «Мыңқұдық» кенішіндегі жапон-қазақ «Аппак» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі ұжымы республика аумағында айтуға, әспеттеуге тұрарлық өнегелі игі іс істеп, «Таңбалы тас» алқабына тұғыр орнатып, Таңбалы тастың ауқымды бөлігін тұғырға орналастырып, аспан астындағы алғашқы мұражайдың іргетасын бастаған екен. «Болашаққа бағдар-рухани жаңғыру» мақаласының «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасының аясында «Таңбалы тас» тарихи орнын қалпына келтіру, абаттандыру шарасына кен орны алыс-жақыннан көптеген қонақтарды шақырыпты. Олардың ішінде ел басқарған азаматтар, аудан ардагерлері, жастар, кеніш жұмысшылары мен бұқаралық ақпарат құрал-



Тарихшы Сүлеймен көкемнің үйінде түскен сурет. 2017 жыл

дарының өкілдері, жас тарихшылар, мәдениет және өнер қызметкерлері болды. Біз Шолаққорған ауылынан шыққан екі-үш адам Созақ аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Еспенбетов Қабылбек ағамыз отырған көлікке бөлініп міндік. Ал Сүлеймен көкем Созақ ауылынан аудандық мәслихаттың сол уақыттағы хатшысы Бегімбет Байғараевпен бірге шығатын болып алдын ала келісілген еді.

Алдымыздағы үшінші көлік «Газель» автокөлігінде жастар өкілдері мен өнерпаз қыз-жігіттер жайғасыпты. Шолаққорған-Қарағұр-Қаратау арқылы Буденовскіден Қаратау кенішіне дейін 207 шақырым жол жүрдік. Одан 211 шақырымда сол жаққа, яғни батысқа қарай Қызылорда облысының Шиелі ауданына қарай кететін айрыққа жеттік. «Южный Инкай» кенішіне жеткенде спидометр 266-ны көрсетті. Жол тақтайдай тегіс таң алакеуімнен күн қызара атып, айнала жап-жарық бола бастағанда 271-ші шақырымда сол жағымызда «Инкай» біріккен кәсіпорны қол бұлғап қалды. Тайқоңыр атты кеніштер қаласына қақпадан енгенде 273-шақырымды бастық. Тайқоңыр кентіне кіре берісте қоңыр түске боялған қоңыртаудың мүсін бейнесі алыстан көзге шалынды. Бұл мүсінді осы өндіріс басшысы болған Ян Файльг есімді азамат тұрғызған,-деді Пардакең.Тайқоңыр кентіне кіріп сол жерде сәл аялдап, күтіп алушы топпен кездесіп келген ізімізбен қайта кері бұрылып «Инкай» біріккен кәсіпорны» мекемесіне баратын жолмен ПВ-19 кенішіне қарай бұрылғанда жол көрсеткіш 277-і көрсетті. Содан сырғып отырып «Аппак» ЖШС-не қарасты «Мыңқұдық» кенішіне 330-шы шақырымда жеттік. Кеніште бізді бірқатар азаматтар қарсы алды. Бізбен қабат Бегімбет Байғараев пен Сүлеймен Тәбріз ақсақал мінген көлік те дәл уақытында жетті. Сәл аялдап алған соң, кеніштің жол таңдамайтын шет елдік көліктеріне жайғасып паң даланы бетке алдық. Аппактан Қызылордаға қарай жүретін күре жолдың 5-ші шақырымынан кейін, жол сол жаққа бұрылып солтүстік-батысты қиялай бетке алып, шаңды, жусан мен жүзгені ұйысқан қара жолға түстік. Сол қара жолмен 45 шақырым жол жүріп, барлығы 390-шақырымға жуық жолды басып өтіп Таңбалы тасқа жетіп тірелдік. Бұл өңірге менің үшінші аяқ басуым болатын. Енді «Таңбалы тас» тарихына аз-кем үңіліп өтейік. Қазақтың ұлы шежірешісі көреген көзді, қара сөзді ғламасы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы «Бетпақ шөлінде Нұра деген жер бар еді. Сонда тасқа басылған таңбалар бар.Үш жүздің баласы арасында қазақтың таңбаларына қатысты талас болса сол тастан барып қарасады. Алаша ханның жарлығымен басылған таңба деседі» деген екен. «Тарихтың нағыз кейіпкері-адамдар» дейді ойшылдар. Сүлейменше айтсақ қай кезде болмасын ұрпақ тәрбиесіне көңіл бөлмеген қоғам болмаған. Сол ұрпақ тәрбиесінің де басты, бағыты да өткенде болған өнегелі істерді үлгі ету,

бүгінгі тілмей айтқанда тарих арқылы тәрбиелеген. «Таңбалы тасқа» назар аударғандардың ішінде ғалымдар академик Қаныш Сәтпаевтың атына ерекше назар аударады. «Жезқазған ауданының көне ескерткіштері» деген 1941 жылы жазған мақаласында Қ.Сәтпаев аңыздарға сүйеніп қазақтың қазақ болған ту тіккен жері таңбалы тас өңірі,- деп атап көрсетеді. Белгілі Ғалым Ж.Артықбаев болса: қазіргі күнге дейін шежіре білетін ақсақалдар таңбалы тасты Қаныш Сәтпаев жазған мазмұнда айтып келеді. Олардың айтуына қарағанда Алтын Орда ыдырап, оның құрамындағы елдер сергелденде жүргенде алты алаш тобына кіретін елдер осы Таңбалы Нұрада бас қосып өздерінің жеке мемлекет болатынын жария еткен. Қазақтың «Таңбалы тасты» түп тамырдағы Алаша хан атымен байланыстыруда да осы себепті деп ойлаймыз,-дейді. Не десек те Таңбалы тас өңірі мен оның тарихын зерделеуге Қаныш Сәтпаевтан кейін ат ізін салған адам некен саяқ. Енді міне түрен салынды. Ешкімге, ешқайда жалтақтамай бабалар тарихы мен ұрпаққа қалдырған мұрасын зерттеуге мүмкіндік молынан жетеді. Ол зерттеу тәуелсіз елдің білікті, білімді жас ғалымдарына жүкте-лер жауапкершілік жүгі болмақ. Әңгімемізге қайта оралсақ, Нұра даласындағы «Таңбалы тас» аспан асты мұражайының ашылуында сол уақыттағы аудан әкімі С.Полатов, «Аппак» ЖШС директоры А.Авдеев, «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК басқарма басшысы Ф.Оспанов жылы лебіздерін білдірді.

Киіз үй тігілген, қымыз-қымыраны сапырылған кеніштің ашық алаңқайында кеніш жұмысшылары мен бас қосу шарасы өтті. Келген меймандар «Таңбалы тас» төңірегінде жасалып жатқан істерге оң бағасын беріп кеніш басшылары мен осы істі тиянақты атқарған кеніш жұмысшыларына алғыстарын білдірді. Осы тұста сөз кезегі Сүлеймен көкеме тигенде тарих тегершігін босатып ағылда тегіл жылнамалар қойнауына еніп, ұзағынан шежіре төкті. Жиылған қауым да қалт етпей тыңдап, енді бірі тарихшы көкемнің айтқан әңгімелерін ұялы телефондарына басып алып жатты. Менімше өндіріс орындары басшыларының Сүлеймен Тәбріз сияқты тарихшыны арнайы шақырып, әңгімесін тыңдау арқылы көп нәрсе ұтты деп білемін. Ел мен жердің тарихын терең білмейтін жас буын үшін, Созақ ауданына сырттан келген жұмысшы жастар үшін бұл үлкен ғұбрат мектебі болды.

Жарықтық Таңбалы тас бірнеше мәрте тұғырланды, одан көзден таса етіп жоғалтып алдық. Соңғы мәрте Қызылорда облысының Сырдария ауданына жол тартқан едік. Кейін таңбалы тастың бір бөлігін алып кеткен азамат түрлі жағдайларға ұшырап, ақырында ауыл қарияларының айтқан ақыл кеңестерімен тасты қайта өз орнына әкеліп, астын ақ кірпіштен өріп тұғыр жасап орнатты. Осы жаңа жайға орналастырарда әлгі ескі тұғырдан шыны ыдыс шығыпты ішінде

бүктелген қағазға «Біз тасты қайтып орнына әкеліп қойдық» деп он екі адам қол қойып жазу жазып қалдырыпты. «Қайтқан заттың қайыры бар» дейді дана халқымыз. Аппак» өңірінде өткен шара өте керемет тартымды, әрі жаңа сипатта өткенін айтып өткеніміз абзал. Ендеше қайырлы, сауапты өнегелі істердің өресінде, келелі істердің кемесінде кездесе берейік ағайын,-деп сол күні аудан орталығына қарай 800 шақырымды артқа қалдырып кері оралдық. Халқымыз айтып жүрген «Бес құлан» хикаясында, қазақ ертегілерінде жиі айтылатынындай Жомының, Алаша ханның жақсы көретін баласын құланның айғыры теуіп өлтіріпті. Баланың кегін қайтармақ болған хан құландардың бірін қалдырмай қыруды бұйырып, кімде кім осы бұйрықты жылдам әрі тиянақты орындаса соған көп қазына мен қызын бермекке уәде етіп, жар салады. Домбырауыл деген батыр өзінің Еңкей, Қабаққұлақ деген жүйрік тұлпарларының бірін мініп, бірін жетекке алып құландарды қырып шығады. Соңында бес құлан қалады. Ақырында олар Шу өзенінен өтіп құмға қашады. Бұрын «Томар өткел» десе кейін «Бес құланның өткелі» дейді. Артынан қуып құмға жеткен батырдың екі аты да зорығып өледі. Ол жерді «Еңкей», «Қабаққұлақ» деп атайды. Жабықкөлден су ішіп естерін жинап, Жабықкөлдің Теріскей батысындағы қырдың үстінде жатады. Оқ тиіп жарасынан аққан қаны тамған жерді «Құлан қызыл» дейді. Шу өзені арнасынан өткен жердегі сор басқан төбені «Құлан жалақ» дейді. Олар осы жерде тұз жалап,сорға аунап жаралы жерін емдесе керек. Арқа төсінде «Сымтас», «Тоқымтыққан», «Өлкеннің жайлауы», «Мұңлы құланның тауы», «Жетіқоңыр», «Аққеңсе», «Аппақтың тақыры», «Қарабел», «Асқазан», «Итаяқ», «Еспе», «Монтай-Тотай», «Той», «Көкмұрын той» деген жер атаулары кездеседі. Созақ өңіріндегі тарихи орындар туралы кезінде ғалым, өлкетанушы Сүлеймен көкеміз көптеген мақалалар мен кітаптар жазды.

Жас кезінен баспасөз беттерінде мақалалар жазумен шұғылданған. Түркістан қаласындағы Яссауи атындағы қазақ-түрік Университетінде ұзақ жылдар ұстаздық етті. Созақ аудандық партия комитетінде қызметтер атқара жүріп, тарихи зерттеулерге құлшына кірісті. «Қарабура әулие» атты үлкен тарихи-зерттеу кітабын жазып шықты. «Созақ өңірі» атты кітабы екі мәрте баспадан шықты. Шәмші Қалдаяқов пен Жүмекен Нәжімеденов туралы кітабы жарық көрді. Қазақ руларына таңба үлестіріп, оны тас бетіне қашап түсірген аңыздың негізін қуалай жүріп, Бетпақ дала үстіндегі «Таңбалы тасты» тауып, мемлекет тарапынан қорғауға алу туралы бастама көтерді. Хақназар хан, Жәнібек пен Керей туралы елге белгісіз дерек көздерін таба білді. Қазақстан Ұйғырлары тарихи-мәдени қауымдас-тығының Құрметті мүшесі, Өзбекәлі Жәнібеков, Қойшығара Салғарин, Әбіш Кекілбаев секілді тарих зерттеушілері Сүлеймен Тәбрізханының еңбектеріне зор баға берген. Әріп (Мұхаммедарип) Тәңірбергенханының ақындық өнерін зерттеп үлкен зерттеулердің басында болды. Сүлеймен көкеміздің көзі тірі болғанда Созақ тарихына әлі де берері мол еді. Былғы жылы мамыр айында Созақ ауылында өткен Созақ қазақ хандығының астанасы турасындағы халықаралық жиында да мінбеден сөйлейтін марғасқалардың қатарында болар еді. Ендігі уақыт еншісінде ғалым, тарихшы, өлкетанушы, ұстаз Сүлеймен Тәбрізханы туралы зерттеулер мен тың тақырыптағы ғылыми шолулар, мақалалар жарық көріп, ғалымның ғылыми еңбектері жас ғалымдар, мектеп ұстаздары, жоғары сынып оқушылары арасында тың тақырыптарға арқау болуы тиіс.

Мақсат ҚАРҒАБАЙ.

Ғасырға жуық тарихы бар Созақ аудандық «Молшылық үшін» (қазіргі «Созақ үні») газеті-көптеген қаламгерлердің қанаттанып ұшуына қамқор болған алтын ұя. Кеңестік кезеңде туылып, еңбек еткен, сол дәуірдің ауасымен тыныстап, ер жеткен біздерге партияның жастарға кәсіптік бағдар беретін саясатының ықпалы тиген еді. Келешегі бар жастардың бойындағы қабілет-қарымына қарай кезкелген салаға балапандай баулитын. Мектептің жоғары класынан жазу-сызуға бейімдімізді байқаған аудандық газет қызметкерлері бауырына тартты. Газет бетінде қысқа хабарымыз, өлең, суретіміз жарық көріп, соңында аты-жөніміз тұрғанға қуандық. Мектеп бітіргеннен кейін 1970 жылы Калинин атындағы мектептен мені және Ы.Алтынсарин атындағы мектептен Тоқан Әшірбековті редакция тілшілік қызметке қабылдады. Ересек журналист ағаларымызбен бірге аудандық газеттің қазанында қайнадық. Сол кезде аудандық газетте қызмет еткен редактор Шернияз Серімбетов, орынбасары Тәуекел Бектаев, жауапты

фессор Тауман Аамандосовтың: «Мына жігіт, оқымай-ақ дайын журналист қой!» деген бір ауыз жылы сөзімен дайындық бөліміне қабылдандым. Дайындық бөлімінде жатахана, стипендия береді, бір жыл оқып, армандаған журналистика факультетіне студент болып қабылдандым.

Студенттік жылдары да республикалық «Лениншіл жас» газетіне мақалалар жазып, журналист ағалармен жақын араласып, университет бітірген соң қызметке қабылданып, жеті жыл еңбек еттім. Үш мың данамен тарайтын жастар газетінің арқасына елге танылды, ұшақпен, пойызбен елдің түкпір-түкпіріне жолсапарға шығып, жер көріп, ел танып, талай жандардың тағдырына араша түстім. Одан кейінгі екі жыл жастардың «Жалын» баспасында редакторлық қызмет атқарып, алғашқы кітаптарымды шығардым. Сол арада тағдырдың айдауымен елге оралып, еңбек



ке шақырғанда да жұмысбастылыққа салынып кетуден сақтанып, негізгі кәсібімнен қол үзген жоқпын. Аудандық газетте істеп жүргенде қоғамдағы көкейтесті мәселелерді орынды көтерген мақалаларым аудандық партия комитетінің бюросынан қолдау тауып, назарға алынған кездері де болды. «Дарақ ағашы бір жерде көгереді» дегендей, Аллаға шүкір, қаламының арқасында жаман болған жоқпын деп ойлаймын. Қазіргі нарық жағдайында Алла тағала берген бойдағы қабілет-қарымын ескерместен мансаппен байлыққа ұмтылатындар көбейіп кетті. Кім бай болғысы келмейді, Алла қаламайды. Кім батыр болғысы келмейді, жүрегі дауламайды.

Соңғы он бес жылда Алматы қалалық әкімдігінің «Алматы ақшамы» газетінде еңбек етіп, зейнеткерлікке шықсам да қолымнан қаламым түскен емес. Жоғары баспа орындарында қызмет атқарғандықтан аудандық газет жұмысына көңілім тола бермейтіні бар. Газет беттерін қалай болса солай орналастырып, макетті талғамсыз жасау көзге ұрып тұрады. Бірінші бетке лайықты материал таппайды ма, әлде тілшілер жазбайды ма, Астанада өткен жиынды жарылауды әдетке айналдырып алған. Өте маңыздысы болмаса «Оңтүстік Қазақстан» газетінің өзі ондай материалдарды бермейді, облыс өміріндегі басты жаңалықтарды жариялайды. Ондай ресми жаңалықтарды халық күнделікті радио-теледидардан естіп көріп жүргендіктен жауапкершілігі шектеулі басылымға маңызды емес. Тарихы терең шежірелі Созақта журналистер көтеретін тақырып жетеді. Жаңадан айдарлар ашып, оқырманды тартып, газет жұмысын жандандырып, тиражын арттыру жағы кемшін соғып жатады. Газет бетінде еміле, әріп қателер толып жүреді. «Созақ», «Жуантөбе», «Құмкент» жер аттары ертеден тырнақшаға алынып жазылса, қазір жалаңаштап тастаған. Сәрсенбек Теңізбаев редактор болып тұрған кезде ауданымыздың іргетасын қаласқан құмкенттік Кенжеғұл Берденов туралы газеттің үш нөмерінде жарияланған көлемді мақаланы кітапқа дайындамақ болып ұлы Әли маған әкеліп бергенде қайта-қайта оқып, ештеңе түсінбедім. Қалай болса солай жазылған жаңылтпаш, әріп қателер өріп жүр. Мақаланың түпнұсқасын алдырып, басынан аяғына дейін қайта редакциялап, кітапқа дайындап бердім. Ауданға еңбегі сіңген ардагер азаматты оқырманға дәріптеу емес, керісінше болып шыққан. Аудандық газет сауатты болса, оның оқырманы да сауатты болады.

Қанша дегенмен арнайы мамандық алып шыққанға ештеңе жетпейді. Университет қабырғасында білікті журналист, маман-ұстаздар баспа ісі, жазу мәнері, баспасөз жанрлары, газет дизайны, макет жасау, озат тәжірибе, танымал қаламгерлер шеберханасынан пайдалы көп жайттарды үйретті. «Лақ сойса да қасапшы сойсын» деген, өкінішке орай, басқа мамандық иелері газет шығару ісімен айналыса беретін болды. Аудандық газет тарихында ертедегі журналист кадрларына тапшылық әлі күнге жалғасып келеді. Ол кезді қазіргі заманмен салыстыруға болмас, егер ынта мен құлшыныс болса журналистер дайындайтын жоғары оқу орындары Шымкент пен Түркістанда да бар. Жергілікті жердегі талапты жастар мен белсенді авторларды газет жұмысына тартып, бағыт-бағдар беру, болашақ мамандығына баулу - өзекті міндет болып табылады.

Алдыңғы буын аталарымыз бен әкелеріміздің маңдай тер, адал еңбегімен ұзақ жыл жарық көріп, аудан тарихымен біте қайнасып келе жатқан аудандық газеттің қазіргі шығармашылық ұжымы жауапкершілік сезімін жетік сезініп, міндет-парызын адал атқарса екен деген үлкендік тілегімді айтқым келеді.

Отеш ҚЫРБЫЗБАЕВ,
Қазақстанның құрметті журналисі.

БІЗ ҰШҚАН ҰЯ

хатшы Ескермес Жақанов, бөлім меңгерушісі Қуаныш Нұрмашев, Бәйітбек Есжанов, Жүніс Керімбаевтар бізді еркелетіп, үлкендік жылы сөзін айтып, қамқорлық көрсеткенін ризашылық сезіммен еске аламыз.

О баста: «Қалайда журналист мамандығын меңгеріп шығуым керек!» - деген өмірлік ұстамымен аудандық газет редакциясында қызмет ете жүріп, Қазақ мемлекеттік университетіне үш жыл қатарынан құжат тапсырдым. Емтиханға келетін пәндерді қанша оқып-жаттап алсаң да «3-4» деген бағадан асырмайтын. Еңбек өтілі болмаған соң ондай бағамен конкурстан өте алмайтыныңды емтихан қабылдайтындар жақсы біледі. Жең ұшынан жалғасқан тамыр-таныстық ол кезде де бар екен, мектепті кеше ғана бітірген өрімдей қыз-жігіттер оқуға түскенін көріп жүрдік. Жолым болмаған соң аудандық газеттегі қызметімді жалғастыра бердім. Әскер қатарына шақырғанда редакторымыз Шернияз Серімбетовті аудандық әскери комиссар, майор Асановқа саламын. «Бізде журналистер тапшы, мына жігітті әскерден алып қалу керек!»-дейді редактор сыйласатын жолдасына. Екі жыл алып қалып, үшінші жылы: «Енді болмайды, бұл жігіт әскерге барып, өмірді көріп қайтсын!»-деді әскери комиссар. Ол кезде әскердің мерзімі ұзақ, аяғыңа шұлғау орап, етік киіп, құрылысқа жегілгенде журналистік кәсіптен біржола қол үзіп қалатындай көрініп, сол жылдары ашылған университет жанындағы дайындық бөліміне құжат тапсырдым. Журналистика факультетіне үміткерлер мұнда да көп екен, бір орынға 4-5 жастан келеді. Оған құжат қабылдау үшін колхоз-совхозда шаруа, не жұмысшы болып істеуің керек. Калинин атындағы совхоздың директоры Қаратай Көшкіновке ағаларым-осында прораб болып істейтін Сейдахмет Қасымов пен комсомол комитетінің хатшысы Әжікен Кәрібековті салдым. Сол кездегі адамдардың кеңдігі мен мейрім-шапағатының молдығы болар, Жоғарғы Кеңесінің депутаты бола тұра Қаратай Көшкінов танымаса да, сыртыман жақсы білгендіктен: «Ол жігіттің дипломы жоқ па еді?» - деп «Совхозда жұмысшы болып істейді» - деген еңбек кітапшасын жазып берді. Газет-журналда жарық көрген мақалаларымды жинап өткізіп, про-

жолымды бастаған аудандық газетте жауапты хатшы қызметін атқарып, партия қатарына қабылдандым. Аудандық газетте он жылға жуық қызмет атқарып, әр жылдары редактор болған Шернияз Серімбетов, Тәуекел Бектаев, Ескермес Жақанов, Қасымжан Өмірұлымен сыйластық қарым-қатынаста болып, тәлім-тәрбиесін көрдім.

Аудандық газет тарихында ертеден журналист кадрларына тапшы болып келгенін байқауға болады. 1940 жылға дейін «Социалды шаруа» газеті латын алфавитімен жарық көріп, соғыстың алғашқы жылдары қазіргі крилицаға көшіп, «Социалистік шаруа» болып аты өзгерді. Алматыдағы Ұлттық кітапхананың сирек деректер қорынан соғыс жылдарында Созақ ауданында жарық көрген «Социалистік шаруа» газетінің көне тігіндісін

зейнетке шыққанда да аудандық газетте қызмет атқарып, жақын сыйластықта болдық. Қайтыс боларында барлық жазған дүниелерін маған аманаттап, Шымкенттен кітап етіп шығардым. Бұл азаматтар арнайы журналистік мамандықты игермесе де әр жылдары Жоғары партия мектебінде оқып, қиын-қыстау кезеңде өмірден тоқып шыққан, «дипломсыз журналистер» еді. Қазақ университетінің журналистика факультетін бітіріп, аудандық газетте жемісті еңбек еткен алғашқы қарлығаштар Қасымжан Өміров пен Аманкелді Құлмашевтар болды. Одан кейін Кәрібай Әмзеев, біздер бітіріп, кейінгі жастар жалғастырып келеді. Алла тағала бөлекше дарын бермегендердің журналистік дипломы бола тұра қолынан сөйлем құрап жаза алмайтынындары жетерлік. «Журфакта оқып, диплом алсам журналист болып кетемін»-деген



ақтарып, мұқият шолып шыққанымда газеттің жауапты редакторлығын аудандық партия комитеті бөлімдері қызметкерлеріне жүктеп, редакторлары жиі ауысып отырған екен. 1939 жылы-Молдияр Серімбетов, 1940 жылы-Ж.Садықов, 1941 жылы-Түктібай Аймұрзаев пен Ә.Тұяқбаев, 1942 жылдан Есіркеп Өмірбековтер жауапты редактор болады. Түктібай Аймұрзаевтың көзі тірісінде жолығып сөйлескенмін. Есіркеп Өмірбеков көкеміз

нің бос әурешілік екенін өмір дәлелдеді. Бізбен бірге факультет бітірген 50 қыз-жігіттің ішінен 7-8 білікті маман шығып, өзгелері басқа мамандықтың соңында кетіп, күндерін көрді. Ерте бастан жүрек қалауымен таңдаған мамандығыма адалдық танытқанымға қуанамын. Көп жылдық журналистік еңбекте қиыншылық пен кедергілер де кездесті, жұмыссыз жүрген кезім де болды. Әр жылдары партия комиеті мен әкімшілік қызмет-



Жауапкершілік жүгін арқалаған жандар

2020 жылы аудандық басылымның 90 жылдығына орай шығарылған арнайы деректі кітапта әріптес інім, «Созақ үні» газетінің аға тілшісі Данияр Бек туралы «Орнықты орны, орынды ойы бар азамат» деген тақырыппен өз ойым мен шынайы тілегімді жазыппын. Одан бері бес жылдың көлемі өтті. Бірақ сол уақытта жазылған мақаланың күші бүгінгі күнге дейін сол күйінде қалғандай көрінді. Негізгі айтар ойымды да сол уақытта жеткізген екенмін. Оны көшелі бүгін қайталап оқығанымда байқадым. Әрбір азамат қоғамдағы орнын өзінің іс әрекетімен қалыптастырады. Газеттің тоқсан бес жылдық тарихының соңғы он бес-жиырма жылы ішінде өзге әріптестерім сияқты Даниярмен осы басылымда қоян-қолтық жұмыс істеп келеміз. Газет-бұл шығармашылық ұжым. Бұл барлық ойлар мен ортақ пікірлердің қазаны. Газеттің қазынасы-мақала. Ол қазынаны жасайтындар, дүниеге әкелетіндер газет қызметкерлері екені анық. Данияр көбіне ауылшаруашылығы, дін тақырыбы, мекеме, бөлім басшыларымен сұхбат жасауға бейім. Қоятын сұрақтарын алдын ала пысықтап, деректеп, сараптап алады. Одан кейін барынша өткір сауал, ырымтал тұстан сұрақ қойғанды қалайды. Бүгінгі күні ол «Ел мүддесі» қоғамдық бірлестігінің төрағасы. Қоғамдық бірлестікке аудандағы айтар ойы, білдірер пікірі бар азаматтардың басын қосып, аудандағы өзекті тақырыптарды қаузады. Жоғары отырған билікке талап-тілектерін жеткізеді. Бұл да болса оның кәсіби деңгейінің шыңдалып, өскендігін білдірсе керек.

Газетте бірнеше адам қызмет атқарса, олардың ойы мен айтатын пікірлері де сан алуан. Бізде бөлісе алмайтын, талас тудыратын дүниеауи мәселелер жоқ. Бірақ газеттегі мақалалар, оқырмандардан келген хаттарға байланысты, сұхбаттасулардан келгенде, алыс ауылдарды аралап келіп мақалаға отырғанымызда алдағы газет санына шығатын мақалалар туралы өз ойымызды ортаға саламыз. Ортада айтылған орынды айтылған сыни пікірге кім қарсылық танытады. Уәжді ойға бәріміз де тік тұрамыз. Сондай сәттерде Даниярдың газетті таралуына, оқырмандардың газетке жазылуына қатысты ұсыныстары ойдан шығып жатады.

Екіншіден бүгінгі күні өзекті тақырыптардың бірі дін мәселесі. Осы тұрғыда біз ішкі саясат бөлімінің ұсынған тапсырыстарын көбіне Даниярға жүктеп, жауапкершілік артатымыз. Жалпы ұжымда ең бастысы татулық, ауызбіршілік, бір-бірімізді құрметтей білу, ортақ мәселелерді келісіп шешу сол бір мүддеге саяды. Газеттің жауапты хатшысы Нұрсұлтан Шертаев, дизайнер Асхан Бақтыбай, тілші Біржан Жандәулет, сайт жұмысына жауапты Құрмаш Тұрғанов, терімші Бағила Аязбаевалар күнделікті басылымның уақтылы, сапалы шығуына бірдей дәрежедегі жауапты қызметкерлер. Газетіміздің мерейлі мерекесі құтты болсын! Алдағы жүз жылдық шараға баршамыз басымыз аман, бауырымыз бүтін күйінде түп түгелімізбен жетейік!

Мақсат ҚАРФАБАЙ.

Жақшында жүректің-сөз маржаны

Аудандық газеттің тұрақты оқырманы, ақын Нұртай Ерназардың жыр кітабын оқи отырып, қаламгердің ежелгі қара өлеңнің дәстүріне беріктігін сақтай отырып, өлең өлкесінде соны соқпақ, ерекше із қалдырғанын аңғарамыз. Ақын өлеңдері қарапайым болып көрінгенмен, қария ойға, сабырлы сезілгенмен, іште қайнаған от сезімдер шарпысына құрылғандай әсер береді. Ақын-ғұмыр өтті, артында қағазға түскен қазына қалды. Жыр иесінің мынау соқтықпалы-соқпақсыз асау өмір құбылыстарын жырлауда қандай суреткерлік шеберлік, нендей көркемдік шешімдер қалдырып кеткенін сараптау-біздің парызымыз.

*Жаратушым, жаманнан сақтандырдың,
Нәпсі-сайтан жолыма қақпан құрдың.*

*Жақсы менен жаманды айырмаған
Өмірімді несіне мақтан қылдым?
Жүрегіме жарығын жаққан жырдың,
Ел сенімін қалайша ақтап жүрмін?
Өтеуіне не берем өмір бойы*

Тас төбемнен сорғалап аққан нұрдың?!—деп басталады Нұртай ақынның «Пендешілік» атты өлеңі. Мұнда ақын жақсы мен жаманды айыра алмауды ғана емес, жақсыны жақсы, жаманды жаман деп бағзы бабаларша кесіп айта алмай, аяғына жем түскен атша кібірткітеуді, шындыққа немқұрайлы қарайтын бойкүйездікті сынап отыр. Жақсы менен жаманды айырмаған тірліктің не сәні бар?—деген өткір сұрақ кімді болса да бей-жай қалдырмайды.

Келесі шумақта ой күткендегіден әлдеқайда асып түскен. Жүрегіме жарық берген жырдың өтеуіне не бермекпін?—дейді ақын жаны шамырқана шарқ ұрып. Расында, жүректерге сәуле берер өлең сөздің құдіретін ұлықтай алып жүрміз бе? Ақынның ой сезімі шарықтай түседі. Ал «Тас төбемнен өмір бойы сорғалап аққан нұрдың өтеуіне не берем?— дейді ақын тағы бір ақиқаттың шетін шығарып. Рас-ау, бақсақ, біз тас төбемізден төгілген нұрлы жарыққа белшемізден қарыздар екенбіз! Мұны Нұртай ақынның өлеңдегі ой жаңашылдығы десек те болады.

Сайран салған үстінде мақпал қырдың

Патша көңіл, құларсың тақтан бір күн.

Ақтарылып айтатын күн келер деп,

Жақұттарын жүректің сақтап жүрмін.

Кілең жақсылықтармен, ар-иманмен суарылмаған, негізделмеген құнсыз тірліктен адамның патша көңілі бір құлайтынын сезімтал ақын деп басады. Тауып айтады. Абай боп, ақтарыла ағынан жарыла айтады. Осыдан да ашық айтар күн келер деп, «Жақұттарын жүректің сақтап жүрмін»дегені қандай шынайы шеберлік! Мұндай дарынды ақындарға тән әдеби -көркемдік олжалар Нұртай Ерназардың поэзиясына асқақ көрік береді. Жалпы өлеңді мақсатты түрде әсірелеу, буын, бунақ, көркемдік тәсілдерге реформа жасау-Нұртай ақында жоқтың қасы. Сол бір тұнық жырлауда жан сүйінер шынайылық бары оның ақын ретіндегі қадір -қасиетін арттыра түскен. «Нәпсісі мен иманы араласқан өмірімді несіне мақтан қылдым?»—деп аяқталады осы өлең. Нәпсі мен иман атты бір-біріне мүлдем қарама-қайшы ұғымдарды қатар қою-психологиялық параллелизмнің күшімен адамның бүкіл болмысын тоқ ұрғандай теңселтіп жібереді. Ақын қашанда қарапайым адамның байқамағанын бүкіл ділімен түйсінеді. Нәпсі мен иманның басы бір қазанға сыймайды. Бірақ, өкінішке орай, күнделікті тірлікте екі аяқты пенденің бар тірлігі-сол екеуін мидай араластыруда екен! Сондай өмірді несіне мақтан етем дейді шыншыл, әділетшіл ақын жүрегі.

Нені жырласа да ақынның ақ адал жүреппен ақтарылатын Нұртай Ерназардың шығармашылығының басым бөлігі-ондаған жылдар өтсе де, еңсесі көтерілмей, еңбегі жанбай келе жатқан ел жайына арналған. Солай болуы-ешкімді таң қалдырмаса керек.



Тәуелсіздік алып, беркімізді аспанға атқанымызбен, ел күткен даму жолы тым ұзап кеткен жоқ па. Өзі көзімен күнде көріп жүрген шындықты ақынның шамырқана жырламасақ хақы жоқ. Ақын өзінің «Біздің ел» атты өлеңінде тәуелсіз өткен алғашқы он жылдықтардағы ел жайын былайша толғайды:

Тас-талан боп кетті ме тәуелділік?

Ызындайды санамда әуен- күдік.

Мұртымызды сөйлейміз көкке шаншып,

Атымызды жатыр деп әлем біліп.

Маңырайды көңілде бір ешкі — үміт,

Қорқауларға дауысы тұр естіліп.

Кедей-кербез,

Жоқ—жомарт жағаласып,

Болашағын жатқандай үлестіріп.

Тәуелсіздіктен кейінгі отыз жылдың тірлік-тынысын жырламаған ақын жоқ шығар. Алайда Нұртай ақынның шамырқануы-елден ерек дер едім. Ақын тәуелсіздіктің тәтті дәміне сенген халық үмітін әлсіздеу ешкі-үмітке теңейді де, оның әлсіз маңыраған үнін қорқаулар естіп тұр дейді. Бұл шеберлік! Жан-жағымыздағы алып империяларға төтеп бере алатын рух күшін іздейді ақын өлеңі. Кедейіміз-кербез, жоғымыз-жомарт бола берсек, болашағымыздан айрыламыз деген болжал ойды да Нұртай ақын астармен, меззеумен жеткізе білген. Өлең былайша аяқталады:

Ішек- қарнын шұбатып жылқымыздың,

Аярлықпен жеп жатыр түлкі,

құзғын.

Ыржиямыз өтірік тоқ секілді,

Қасіреті сорғалап күлкіміздің.

Шығарына сенбейді жан — жымысқың,

Мас болады буына хан күмістің

Бостандығын тұмар ғып тағып алып,

Жатқан елміз жүзінде нән қылыштың.

Бұл жерде ақын егер ақыл-біліммен, көреген білгірлікпен ұстағанның қолында, тістегеннің аузында кетпейтін даналық танытпасақ, жылқымыздың ішек-қарны ақтарылып, өзіміз өткір қылыштың үстінде жатқандай қауіп-қатерде бола беретінімізді, күлкімізден қасірет сорғалай беретініне-скертіп, болашаққа арыз жазып қалдырғандай болады. Жүздеген жылдардан соң азаттыққа қолы әзер жеткен халқымыздың үміт пен күдік араласқан, даму мен қалу тайталасқан ақиқат күйін бұлайша суреттеу- Нұртайдың дарыны толық ақын екенін байқатады.

Нұртай Ерназардың ешкім жазбаған, ешкімнің шығармасына ұқсамайтын «Теңге туралы жыр» деген өлеңі бар. Әншейіндегі көріп тұрса да көрмегендей, біліп тұрса да білмегендей немкеттілік ақынжанынан аулақ.

Әсіресе, бұл ұлт, халық мүддесі атты күретамырға келгенде...

Қасіреттен, қара көзім, мөлтенде,
Қасиеттен жырдай болды төл теңге.

Әркімдердің табанына басылып,
Бір теңгелік жатыр жолда шашылып.

Халық байып, кеткен бе ел көркейіп,

Ешкім оны аларемесеңкейіп.

Көшекезіп жүретұғынашкілең
Қарамайдыоған, тіпті, маскүнем.

Дүкен барып, базар барып білдің бе,

Біртенгеге не келедібүлкүнде?
Керегіжоқкедейге де, байға да
Күтеміргеайналған-ау жайғана.
Адамшылық-жұрттың шектен аспауы,

Бір теңгелер—мың теңгелер баспауы.

Кілең нөлден не шығады, расында
Бір деген сан тұрмаған соң басында!

Бір теңгедей дөңгелейді ай, күнің
Бір теңгеден құралады байлығың.

Бұл жерде ақын төл теңгеміздің құнсыздануын, бір теңгенің сол үшін де аянышты күйге түсуін, абыройымыздың сол бір теңгеден басталатынын ғана тілге тиек етіп отырған жоқ. Ақын «бір теңгеден дөңгелейді Ай, күнің» деп, ел абыройының асқақтауына, мемлекетіміздің көркеюіне сол бір теңгедей болсын адал ет, маңдай термен келетін еңбек жемісінің де үлесі маңызды екеніне назар аударған. Бір теңгеге аз еңбек жұмсалған шығар, алайда сол аз еңбектің де обал-сауабы бар, аз еңбектен мол еңбек жемісі құралады деген ойды аңғартқан.

Бақыт туралы өлеңінен Нұртай ақынның өмірге деген шынайы көзқарасын көреміз, ақындық болмысын тани түсеміз.

Ақ қайыңдар бүршік атып,
Жұпар жұтты көмейім.

Сәл аялдай тұршы бақыт,
Келбетіңді көрейін.

Бақыт құман — салғырттауымын,
Ал арманың әсем сенің.

Қозы-бұлт боп саулық- таудың
Жібітпедім тас емшегің.

Қылма, достым, көп көлемеге,
Маржан тізіп қазғам жақұт.

Аз да емес, көп те емес
Маңдайыма жазған бақыт.

Біз жоғарыдағы кіші-гірім талдау-зерттеуімізде белгілі ақын Нұртай Ерназардың «маржан тізіп, жақұт қазған» жырларының бір үзгігін оқырман назарына ұсынып, көркемдік-танымдық сілтеме жасадық. Нұртай ақын дін, иман тақырыбында өлеңдер жазды. Көптеген танымалқазақ әндердің сөзін жазды. Алайда, ақын ежелгі дала жырауларының өшпес дәстүрімен, ел қамын жеген қайраткер ақын тұлғасын өз бойында ерекше бір адалдықпен сақтап қалды.

Қобалжиды көңілім, халқым жүдеп,
Шаттығы жоқ өмірдің салқын жүрек.

Алатаудың ерітер мұз бен қарын,
Алдымыздан соқпайды алтын күрек.

Ой-қарағай, тауға өрлеп тамырлаған,

Өрнегіне таң қалып таныр ғалам.

Талантымды тербетіп тал бесікте

Тура көзбен қарайды—Тәңір маған.

Нұртай сөз баққан, сезім қуалаған ақын емес, көбіне ой баққан ақын. Ақындықты саудаға салмаған, кітаптарынаөшқашан жарнама жасамаған, өзіне сеніп кеткен ақын. Сондықтан да болар, «Тәңір де оның көзіне тура қарайды».

Ақын өзінің жүріп өткен жолының, күллі өмірінің мағынасын былайша түйіп айтқан:

Бір күн ерте,
Бір күн кеш өмірің сөнер,

Өшпесіне сөзіңнің көңлің сөнер.

Қара өлеңнің өлесің құшағында
Құмар қылып қойған соң Тәңірім—

шебер.

Бұл-өлеңге адалдық, өнерге адалдық. Шын өнердің әлмейтіндігі жөнінде көп айтылған, айтыла да беретін ақиқат қазанында қайнағанайшықты сөздің жаңасы. Шын ақынның парызы-көне жолдың шаңын шығарып, жаттанды болған қағидаларды тықпалай беру емес, айтар ойды, сырлы сезімді, тұңғыық түйсікті әлі ешкім естімеген соны серпінде беру. Ақын Нұртай Ерназардың шығармашылығы хас өнерге тән осынау өлшемдерге құрылғаны-оның өлеңдерінің туған халқымен бірге жасай беретіндігіне сендіреді.

Бақытжан РАЙЫС,
ақын, зерттеуші, халықаралық
«Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты.

АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ САЙЛАУШЫЛАРМЕН КЕЗДЕСУ КЕСТЕСІ

№	Сайлау учаскелері	Аты - жөні	Елді мекен атауы	Кездесу өтетін орыны	Күні	Сағаты
1	№1 Молдағұлова	Сүгірбаев Бағлан Қанжарбекұлы	Қарабұлақ Шолаққорған	Қарабұлақ бастауыш мектебі Ә.Молдағұлова атындағы жалпы орта мектебі	15.11.2025 ж	10:00 12:00
2	№2 Теріскей	Отыншиева Рабиға Шамақызы	Шолаққорған	А.Сүлейменов атындағы жалпы орта мектебі	15.10.2025 ж	10:00
3	№ 3 Шолаққорған	Нұрланов Базарбай Нұрланұлы	Шолаққорған Абай	А.Байтұрсынов атындағы жалпы орта мектебі А.Иманов атындағы жалпы орта мектебі	10.11.2025 ж	10:00 15:00
4	№4 Мыңжылқы	Баймусаев Бақдаулет Курмашович	Шолаққорған	Шолаққорған ауыл әкімшілігінің мәжіліс залы	13.11.2025 ж	11:00
5	№5 Наурыз	Есмұратова Гүлшат Есбергенқызы	Шолаққорған Жыныс	Н.Төреқұлов атындағы ІТ лицей мектебі С.Әліұлы атындағы жалпы орта мектебі	19.11.2025 ж	10:00 15:00
6	№6 Жартытөбе	Сапарбаев Рыскелді Ұнсарыұлы	Бабата Жартытөбе Аққолтық Балдысу	Елді мекен клубы Жартытөбе ауыл әкімшілігінің мәжіліс залы Ш.Уәлиханов атындағы жалпы орта мектебі Жамбыл атындағы жалпы орта мектебі	12.11.2025 ж	10:00 12:00 15:00 17.00
7	№7 Құмкент	Сағындық Ернар Құралбекұлы	Құмкент Қызылкөл Жыныс-1	Құмкент ауыл әкімшілігінің мәжіліс залы Елді мекен клубы С.Әліұлы атындағы жалпы орта мектебі	19.11.2025 ж	10:00 12:00 15:00
8	№8 Сызған	Бекишов Құрманғали Әбиұлы	Қозмолдақ Сызған Қайнар	Ауыл клубы С.Макаренко атындағы жалпы орта мектебі	11.11.2025 ж	10:30 12:00
9	№9 Созақ	Топшақов Серік Абілқасымұлы	Созақ Ынтымақ	Созақ жалпы орта мектеп- гимназиясы Құрманғазы атындағы жалпы орта мектебі	15.11.2025 ж	11:00 15:00
10	№10 Науайы	Әлібеков Жадыгер Амангелдіұлы	Созақ Көктөбе	Науайы атындағы жалпы орта мектебі Суындық атындағы жалпы орта мектебі	15.11.2025 ж	10:00 11:30
11	№11 Қарағұр	Жамиев Ордабек Мырзабекович	Қарағұр Қаратау Шаға	Қарағұр атындағы жалпы орта мектебі Панфилов атындағы жалпы орта мектебі С.Бақбергеннов атындағы жалпы орта мектебі	14.11.2025 ж	10:00 12:00 15:00
12	№12 Жуантөбе	Айтбаев Алмас Сапарбайұлы	Шу Тасты Жуантөбе	Ауыл клубы Абай атындағы жалпы орта мектебі Ауыл клубы	17.10.2025 ж	10:00 11:30 15:00
13	№13 Қыземшек	Абдырахманов Бағдат Нуржанович	Қыземшек	Л.Бөкенов атындағы жалпы орта мектебі	10.11.2025 ж	15:00
14	№14 Таукент	Жамиева Карлығаш Нышанбаевна	Таукент	І.Кеңесбаев атындағы жалпы орта мектебі	12.11.2025 ж	11:00

Ескерту: Белгілі себептерге байланысты кездесу күндері өзгеруі мүмкін.

Сыбайлас жемқорлық-
қоғам дерті

Жемқорлық-қоғамның өзекті мәселесі. Кез-келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Сыбайлас жемқорлық мемлекетті ішінен жоюдың бастамасы мен жетістіктерді жоққа шығаратын, ұлттық қауіпсіздікке қауіп-қатер әкелетіндігі күмәнсіз. Сондықтан да, Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі осы зұлымдықпен күресу болып табылады.

Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ. Қоғамның барлық күш-жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі ұшықпауы үшін оны тоқтатудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде қарсы тұруға болады. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет.

Д.АБДИЕВА,
Созақ аудандық соты
әкімшісінің бас маманы.

Орманды өрттен қорғайық!

Өрт— абайсыз жағылған от, сөнбей қалған шоқ, кейде найзағадан да пайда болатын апат. Орман өрті көбінесе құрғақшылық жылдары, ерте көктемде және күзде болады. Оның негізгі себебі — ауыл шаруашылығы қалдықтарын өртеген кезде қауіпсіздік талаптарының бұзылуынан туындайды. Орман өрті ағаш қорын кемітумен қатар, ағаштың өсуін нашарлатады, жалын шарпыған ағаш құрайды, жел, дауылда сынғыш келеді. Орман өрті жер бетін шарпыған кезде жапырақ, бұта, шөп-шалам, көк шөп, ағаштың жас өркендері жанады. Ауданымызда соңғы жылдары табиғаттың тосын мінездері оқта-текте байқалып қалуда. Өткен айларда найзағай жарқырап мамыр айының бастапқы күндері жауын жауып нөсерлетумен болды. Бүгінгі күнде барлық жерлерде өрт қауіпсіздігіне орай оқу-жаттығу жиындары болып, алдын алу, сақтық шаралары қаралып өтті. Алайда әрбір орман қорықшысы ғана емес әрбір аудан, ауыл тұрғындары өрт қауіпсіздігіне бей-жай қарамай өз қол ұшын беруі керек. Темекі тұқылдарын кез келген жерге тастай салмай жауапкершілікпен өшіріп тастаса, тұтатқан шырпы қалдығының да алаңсыз өшкенін қадағаласа, үлкен өрттің алдын алған болар едік. Сонымен қатар, көпшілік қауым, ауыл тұрғындары қонақтарын ертіп табиғат аясына демалғанда жаққан оттың қалдықтарын өшірмей тастап кету де өртке себеп болады. Өйткені күннің бұзылуы, желдің өршуі өрт тудырады. Табиғатқа шыққанда тамақ, кәуәп пісіріп болған соң қадағалап сумен өшіріп, орнын топырақпен жауып кету өрттің алдын алуға үлкен мүмкіндік беретінін ескерсеңіздер екен. Алдағы уақыттарда да біз орман қызметкерлері ауданымыздың табиғат аясын қорғай отырып адамзат игілігі жолында қарқынды жұмыс атқара береміз.

Сәбит ӘДІЛБЕКҰЛЫ,
Созақ орман және жануарлар әлемін
қорғау мекемесінің орман күзетші-
қорықшысы.

Табиғатты қорғайық!

«Бір тал кессең, он тал ек»-деген қағида баршамыздың парызымыз деп санау қажет. Орманды алқапта, сексеуіл тепе-теңдікті сақтап, қатты соққан жауынды желден, көптеген апаттардан қорғап қалады. Қыстың қақаған аязды күндерінде жабайы аң-құстарға ықтасын пана беріп, жейтін азық болатынын естен шығармайық.

Қыстың қақаған аязды күндерінде жабайы аң-құстарға көмегіміз тиісін десек- орманымызды сақтайық.

Табиғаттың өзі берген орман, оттегінің көзі екені де рас. Ауданымыздағы мол байлық орманды көздің қарашығындай сақтаған абзал.

Әсіресе өртке өте сақ болуымыз керек. Абайсызда жасалған өрт бүкіл орманды қиратуы мүмкін. Техникалардан шығатын ұшқындарға да абай болуымыз керек.

Сонымен қатар орманды бей-берекет бүлдіруге жол бермеуге тиіспіз. Табиғат аясында қыдырған, демалған кезде қалдықтарды далаға бей-берекет тастау дұрыс емес.

Айналамыздың көрікті болуы бәрімізге байланысты. Тоғай-ормандарды өрттен қорғау-басты назарда болуы міндетті.

Бүкіл аудан тұрғындары қоршаған ортаның тазалығына, орманды жерлердің өсіп-өнуіне баршамыз болып атсалысқанымыз дұрыс.

Бұл жұмыс тек орман қорықшысының ісі деп қарамауымыз керек. Оған барлығымыз жұмыла кірісуге тиіспіз.

Бақтыбек ҚОЖАҚОВ,
Созақ орман және жануарлар
әлемін қорғау мекемесінің
патолог инженері.

«БЖЗҚ»
АҚ қызметтерінің 98%
цифрлық форматта
көрсетіледі

Соңғы жылдарда «БЖЗҚ» АҚ-ның (БЖЗҚ, Қор) цифрлық форматта көрсетілетін қызметтеріне салымшылар тарапынан қызығушылық артып келеді. Себебі олар тәулік бойы қолжетімді. Естеріңізге сала кетейік, барлық зейнетақы шоттары БЖЗҚ-ға бірінші жарна түскен кезде автоматты түрде ашылады. Сондай-ақ, “Ұлттық қор-балаларға” бағдарламасының қатысушыларына нысаналы талаптар мен нысаналы жинақтар да автоматты түрде есептеледі.

01.01.2025 ж. мен 31.07.2025 ж. аралығында Қор халыққа шамамен 27,9 млн қызмет көрсетті. Көрсетілген қызметтердің жалпы санының 15,6 млн-ы электрондық форматта, 11,4 млн қызмет автоматты түрде жүргізілді. Осылайша, автоматты, электрондық және қашықтықтан көрсетілген қызметтердің үлесі жалпы санның 98,0%-ын құрады. Қор қызметкерлері салымшыларға шамамен 565,8 мың қызметті жүзбе-жүз көрсетті, оның ішінде 555,1 мыңы тікелей Қордың кеңселерінде жүзеге асырылды.

«Созақ үні»-ақпарат.

Жарқ еткен жарқын үнің жаңғырады

(Аудандық «Созақ үні» газетінің 95 жылдық мерейлі мерекесіне арналады)

Ермеден жаратпайтын жасық үнді

Бөктеріп келді міне ғасырыңды.

Өткен күндер тезінен өтіп келген,

Құттықта теріскейлік басылымды.

Қиын сәттер қарбалас, ел есінде,

Ат үстінде тілші жүр, сенесің бе?

Тайғақ көшкен көп күндер елес болып,

Артта қалды бір ғасыр белесінде.

Есте қалып сол жылдар бөз құрағы

Тілі көркем газетте сөз тұрады.

Қалың елдің арманын айта білген,

Сенбісің қалғымайтын көз- құлағы.

Ұшырдың баптап алып шағалаңды,

Әр кезең өзінше бір бағаланды.

Көрдің сен көкірекке түйіп бәрін,

Отызыншы жылдарғы зобалаңды.

Ұйытып оқырманды терең сырға

Халықтың көзайымы, бөлен нұрға.

Шабытты шарықтатып, қалам тербеп,

Өзіңнен шықты талай ерен тұлға.

Ақпарат әлемдегі тосқан ағын,

Жақсының жаршысы боп, жасқамадың.

Барометр секілді мынау елдің,

Барлап, қарап жүресің қас- қабағын.

Ұлтжанды, ұлағатты берсем дейсің,

Ой өрбітіп осылай өркендейтін.

Абыз қарт кемел шаққа келгеніңмен,

Әлі сол жастық дәурен көркем кейпің.

Теріскей сенен күтер шырқар үнді,

Бапталған қайырып сал сұңқарыңды,

Келесің кемел шақта қалам жүйрік,

Тулатып тұғырыңда тұлпарыңды.

Арайлы шырай берсе таң қылаңы,

Еркін ел мына жұрттың жанды бағы.

Тәуелсіз, бейбіт әлем аясында,

Жарқ еткен жарқын үнің жаңғырады.

Тілеубек ЫБЫРАЙЫМҰЛЫ.



«Созақ үні»

Ғасырлардың қойнауынан сыр ұққан,
Дәм бұйырған шындық атты тұнықтан.

Тоқсан бес жыл ғұмырында басылым,

Аптамаған абыройлы ғұрыптан.

Ол қуанған ел еңсесін тіктесе,

Ол қуанған заман сырын бүкпесе.

Ашаршылық, зұлмат көрген басылым,

Кеңсесі оның болды дала, күркеше.

Майдан көрді бастан кешті соғысты,

Қиындықпен есейді ол, толысты.

Қан майданнан хабар алып тұрды ол,

Жесірлер мен жетімдерге болысты.

Басылымды елге ерте танытып,

Жолда жүрді атын талай арытып.

Есімі әзір белгісіз боп тұр бізге,

Ең алғашқы редактор Шәріпов.

Елге еткен ұмытылмас еңбегі,

Талай жайсаң еңбек етіп өрледі.

Одан кейін редактор Әнтекин,

Тамшы болып сорғалаған терлері.

Есіркеп пен Тәуекелі Бектайдың,

Жеңіс келіп серпілгенді зор қайғың.

Колхозшылар әр масақпен майданға,

Жігерлерін, күш-қуатын жолдайтын.

Жарылқасын, Қасымжан мен Есенбек,

Ескер аға, Қалдыгүл мен Сәрсенбек.

Маңызы зор мәселелер көтеріп,

Қаламымен жазды дүние әсерлеп.

Совхоздарда қызу еңбек қарқын ап,

Төл алуда ерлер шықты жарқырап.

Жотабай мен Төлепберген, Бұрхандар,

Өкіметтен орден алды алтындап.

Берғазы мен оның ұлы Көштендер,

Барлығы да еңбекпенен өскендер.

Жүз саулықтан жүз сексеннен қозы алып,

Батырлардың көштеріне ілескендер.

Сай, салада жайқалды мол егінім,

Еңбек десе арта түсті сенімім.

Партияға шын берілген сәтім көп,

Партия деп айқын шықты зор үнім.

«Социалды шаруа» деп аталды,

Ең алғашқы шыққан саны газеттің.

Одан кейін «Социалды шаруашылық»,

Деген атпен оқырманды тәнті еттің.

«Социалистік шаруашылық бір аты,

«Молшылық үшін» болды сосын басылым.

Осылайша заман желі өтінде,

Өткізді ол тарихатты ғасырын.

«Молшылық» пен «Теріскей» деп аталды,

Жаңарған да дұрыс шығар есімі.

«Созақ үні» соңғы әзіргі атауы,

Үлкендердің солай болды кесімі.

Тоқсан бес жыл! Бес жылы кем ғасырым,

Тоқсан бес жыл ғұмыр көрген ғасыр үн.

Созақ, Созақ, Созақ деумен жаңғырды,

Қарт жартасты Қаратаудай асылым.

Бұл Созақтың өзгеше еді ғаламы,

Бұл Созақтың ұл мен қызы саналы.

Теріскейдей текті жерге тигенді,

Сәкен, Мұхтар, Сәбиттердің табаны.

Шашты Әзіз, Ысқақ баптың мекені,

Ұрпағымен ұлағатты ертеңі.

Тәкен, Сүгір таусылмайтын қазынам,

Қазыналы шертпе күйді шертмеді.

Талай, талай із қалдырған іргеңе,

Жылдан жылға келесің ау гүлдене,

Бүгін ақын толғанады толғайды,

Қуаныштан әр кеудесін жыр көре.

Сен жазбаған мәселелер қалды ма,

Білім, еңбек, егінді де, малды да.

Диханшы мен тракторшы, су мұрап,

Боранды да, жауынды да, қарды да.

Алғашқыда таратылды жаяулап,

Алыстағы Ақсүмбеге қайдағы ат,

Мына шеті Бабата мен Құмкент,

Қарлы аязды күміс мұзға тайғанап.

Кәрібай мен Өтеш, Асхат, Тоқандар,

Қағаз, қалам құдыретін ұққандар.

Қанша дүние жазды олар мәңгіге,

Есіркептің шекпенінен шыққандар.

Құлыншақ пен Тәкен, Асқар Сәуірбек,

Құлжабай мен Төлегендер көшегі.

Ірілердің ізі қалған беттерде,

Сансыз тарих самал лебі еседі.

Есіркеп пен Жеңіс ақын, Өскендер,

Молшылықтан танылғандар қазаққа.

Әрқайсысы тұлға болды тұғырлы,

Туылса да қияндағы Созақта.

Одан кейін сара жолды жалғады,

Төрағали, Дәулет, Сабыр, Болат та,

Жүрсе дағы шиырлап әр тарапта.

Тоқсан бес жыл! Ғасырға сәл жетпейді,

Әлі талай жас өркендер көктейді.

Адам көтер замана да ауысар,

Ал Созақтан «Созақ үні» кетпейді.

Мақсат ҚАРҒАБАЙ.



редакция қызметкерлеріне мерейлі мерекелері құтты болсын деп айтамыз.

Ауданымыздың айнасы-«Созақ үні» газеті әрқашан жаңалық пен жақсылықтың жаршысы болып, абырой биігіне жете беруіне тілектеспін!

Тарихы тереңде жатқан төл басылым 100 жылдық тойына толайым табыспен жете берсін!

Тұмартай ДІНТАЙҰЛЫ,
Қазақстан Жазушылар және Журналистер одақтарының мүшесі.

Жарты ғасырлық серігім

Аудандық газетпен етене таныстығым мектеп қабырғасында жүргенде басталды. Сонау 1974 жылы 7-класта оқып жүргенде жазған өлеңіме басылым бетінен орын беріп, жас талапқа қуаныш сыйлағаны есімде. Газет бетіне өлеңім шыққанына қанаттанып, түрлі хабарлама мен мақала, бір қақпайлар мен жыр шумақтарын жиі-жиі газет редакциясына пошта арқылы жібере бастадым. Оның біразы басылса, кейбірі талапқа сай болмағандықтан болар, жарық көрмей жатты. Бірақ жазуды тоқтатпай, әдетке айналдырдым және республикалық бабалар басылымдарына да жібере бастадым.

Жалпы, менің жазу өнеріне нық қадам басуыма себеп болып, тұсауымды кескен «Молшылық үшін» газеті деуге толық негіз бар.

Мектеп бітірген жылы ҚазҰУ-дың журналистика факультетіне құжат тапсырып, болашақта журналист болуды армандадым. Ол үшін шығармашылық емтиханнан өту керек екен, жазған материалдарыңды жинақтап папка өткізу шарты тағы бар. «Молшылық үшін» газетіне шыққан жазбаларымды түгелдеу мақсатында редакция табалдырығын тұңғыш рет 1978 жылы маусым айында ат-

таған едім. Сол кездегі редактор Тәуекел Бектаев көкеміз бен редактордың орынбасары Қасымжан Өмірхлы ағамыз жас бала демей, ақ

ЖАЗУ

Жазу-менің ғұмырлық сырласымдай,
Қалам-қағаз боп кеткен құрдасымдай.
Солар мені белеске алып шыққан,
Жүргенде ойға сыймай, қырға сыймай..

Жазумен көңіл қошын ақтарамын,
Жайып сап жүрегімнің сақтағанын.
Тірліктің мәні кетер ол болмаса,
Ол тоқтаса... менің де тоқтағаным..

Жазу зәру сезімнің көмегіне,
Көбіміз зер салмаймыз себегіне.
Адамды селт еткізер сөз тумаса,
Ақ парак, қара сия керегі не?

Бұл жазу адамдарды жақындатар,
Көңілді тұтандырып лапылдаатар.
Оқырманның бірі ұғып, көбі ұқпай,
Өз ойына шомылып ақын жатар.

Бақыттысың жазуға қол жарап тұрса,
Жазғаныңды бір жүрек қалап тұрса.
Күтетін оқырманы тұрған кезде,
Ақын емес жазуды талақ қылса!

жол тілеп, қажетті көмектерін көрсеткенін ұмытпаймын. Газеттің мөрі басылған кепілдеме хат та қолыма тиді.

Бірақ сол жылы конкурстың өте жоғары болуына оқуға түсе алмай қалдым. Одан техникалық оқу орнына түсіп кеттік, әскерде болдық, түрлі жұмыстар атқардық және кейінгі 30 жылдан астам уақыт ұстаздық қызметте болдық. Қай салада жүрсем де, газетпен байланысымды ешқашан үзген емеспін. Үздіксіз оқырманы әрі штаттан тыс тілшісі ретінде жарты ғасырдан аса уақыттан бері бірге жасап келе жатырмыз.

Ұзақ жылдар газет редакторы болған Сәрсенбек Теңізбаев қатарыммен де, қазіргі редактор Мақсат Қарғабай ініммен де, басылымның басшысы Ержан Әбілпаттаев ініммен де шығармашылық жөнінде байланыстамыз, жергілікті жерде тұратын қаламгерлерге қолдауларын аяған кездері жоқ.

Бүгінде ұжымның барлық шаруасын дөңгелетіп отырған Данияр Бек, Нұрсұлтан Шертаев, Біржан Жандәулетов, Асхан Бақтыбаев, Құрманбай Тұрғанов және бүкіл

Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС

Меншік иесі-

"Созақ үні" газеті редакциясы"
жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі

Директор:

Абилпаттаев Ержан
Бакытжанович

Бас редактор:
Мақсат Қарғабай

Жауапты хатшы:
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ

Редакция құрамы:

Аға тілші-

Данияр БЕКОВ

Тілші

Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ

Дизайнер-

Асхан БАҚТЫБАЕВ

Терімші-

Бағила АЯЗБАЕВА

Фототілші-

Құрман Тұрғанов

Қолжазбалар еңделеді, қайтарыпмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданады.
Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта
аптасына 2 рет шығады
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолақорған ауылы, С.Қожанов көшесі 68, байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №
таралымы -
3250 дана

Кезекші редактор:

Н.Шертаев